

1. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз. Тиісті есімдікті қойыңыз.

Вспомните изученную грамматику. Вместо точек вставьте нужное местоимение.

менің

сенің

сіздің

оның

- 1) *Менің* үйім Абай көшесінде. 2) *Сенің* атың кім? 3) *Менің* көйлегім қызыл. 4) *Сіздің* жұмысыңыз қандай? 5) *Оның* отбасы үлкен бе? 6) *Менің* ұялы телефоным жоқ. 7) *Сенің* мекенжайың қандай? 8) *Менің* әкем қырық екі жаста. 9) *Оның* інісі футбол ойнауды ұнатады. 10) *Сіздің* фирмаңыз екінші үйде ме? 11) *Оның* әйелі есепші ме? 12) Мына фотосуреттегі *менің* досым.

2. Мағыналас сөзге тиісті жалғауды жалғап, сөйлем жазыңыз.

Напишите предложения, заменяя слова синонимами и добавляя нужные окончания к ним.

Іні; кенже ұл; есім; отау иесі; бауыр; ата-ана.

- 1) Менің бауырым бар. Менің *інім* бар.
2) Сіздің әке-шешеніз неше жаста? Сіздің *ата-анаңыз* неше жаста?
3) Менің атым - Ақбота. Менің *есімім* – Ақбота.
4) Оның ең кіші баласы - мұнайшы. Оның *кенже ұлы* – мұнайшы.
5) Ол ағасын, қарындасын жақсы көреді. Ол *бауырын*, қарындасын жақсы көреді.
6) Темірлан - Асқардың үлкен ұлы. Темірлан - Асқардың *отау иесі*.

3. Тәуелдік жалғауының көпше түріндегі 10 сөз/сөз тіркесін табыңыз.

Найдите 10 слов/словосочетаний, множественного числа. употребленных в притяжательной форме.

- | | |
|--------------------------------|----------------------------|
| 1) менің отбасым | 1) қазақ тілі |
| 2) Алматы қаласында | 2) емханада жұмыс істеймін |
| 3) сіздің әкеңіз | 3) телефондарың |
| 4) сіздердің әкелеріңіз | 4) оның ұлы |
| 5) жел соғады | 5) суретің |
| 6) сендердің есімдерің | 6) олардың бауыры |
| 7) сенің атың | 7) кімді атайды? |
| 8) дүйсенбіде барамын | 8) біздің сынып |
| 9) олардың үйлері | 9) оқуларың |
| 10) біздің пәтеріміз | 10) сен оқисың |
| 11) тауға шығасың | 11) достарыңыз |
| 12) біздің ата-анамыз | 12) тату достар |

4. Тәуелдік жалғаудың жекеше түрін көпше түрге ауыстырыңыз.

Замените окончания единственного числа притяжательной формы на окончания множественного числа.

менің—►біздің

сенің—►сендердің

сіздің—►сіздердің

оның—►олардың

- 1) Менің әке-шешем алпыс жаста. Біздің әке-шешеміз алпыс жаста

- 2) Сенің есімің кім? Сендердің есімдерің кім?
- 3) Сіздің қай ұлыңыз отау иесі? Сіздердің қай ұлдарыңыз отау иесі?
- 4) Оның ауылы үлкен бе? Олардың ауылдары үлкен бе?
- 5) Сенің дәрігерің не айтты? Сендердің дәрігерлерің не айтты?
- 6) Сіздің сіңліңіз ертең келеді. Сіздердің сіңлілеріңіз ертең келеді.
- 7) Менің атам сондай бауырмал кісі! Біздің атамыз сондай бауырмал кісі!
- 8) Ол бұрын менің ауылымда тұрды. Ол бұрын біздің ауылымызда тұрды.

5. Сөйлем құраңыз.

Составьте предложения.

Біздің мұғаліміміз Түркістан қаласында тұрады.

Сендердің жұмыстарың қалай?

Сіздердің ағаларыңыздың жасы нешеде?

Олардың есімдері кім?

Автопарктердің автобустары қалай жүреді?

Біздің кенжеміз мектепте оқиды.

Дәптерлердің бағасы жүз-екі жүз теңге.

6. Шығыс септігінің тиісті жалғауын қойыңыз.

Вставьте вместо точек соответствующие окончания исходного падежа.

- 1) Дүкеннен сатып алдым.
- 2) Базардан сатып аласың ба?
- 3) Үйден шықты.
- 4) Досымнан алған жоқпын.
- 5) Бауырымнан білдім.
- 6) Әкімдіктен келген жоқ.

7. Сөздерді тиісті қатарға жазыңыз.

Напишите слова в соответствующий ряд.

Қажетті сөздер: отбасынан, ұйымдарынан, кинотеатрлардан, кітаптардан, сөздіктерінен, кітаптарымыздан, отбасыларынан, досыңыздан, кітапханасынан, спортзалдардан, әніннен, ағаштан, қаймақтан, асханасынан, ауруханадан, автотұрақтардан.

шығыс септігі жалғауы (ш.с.): 1) отбасынан, 2) ағаштан, 3) қаймақтан, 4) ауруханадан.

көптік жалғау (к.ж.) +(ш.с.): 1) кинотеатрлардан, 2) кітаптардан, 3) спортзалдардан, 4) автотұрақтардан.

Тәуелдік жалғау (т.ж.) + (ш.с.): 1) досыңыздан, 2) кітапханасынан, 3) асханасынан 4) әніннен.

(к.ж.)+(т.ж.) + (ш.с.): 1) ұйымдарынан, 2) сөздіктерінен, 3) кітаптарымыздан, 4) отбасыларынан.

8. Суреттерді пайдаланып, тиісті сөздерді жазыңыз.

Напишите нужные слова, используя картинки.



жүр



отырсың



тұр



жатыр

Менің ұлым мектепте *жүр*.

Спортшылар рингте *тұр*.

Сен креслода *отырсың* ба?

Менің ағам диванда *жатыр*.

9. Сөздерге қажетті септік жалғауын жалғаңыз.

В каждом столбце вместо точек напишите слова, поставив их в нужном падеже.

Барыс септігі. Жатыс септігі. Шығыс септігі

Дательно-направительный падеж. Местный падеж. Исходный падеж.

	Қай жаққа?	Қайда?	Қайдан?
мекеме	Мен <i>мекемеге</i> барамын.	Мен <i>мекемеде</i> отырмын.	Мен мекемеден шықтым.
кітапхана	Сіз <i>кітапханаға</i> келдіңіз.	Сіз кітапханада отырсыз.	Сіз кітапханадан шықтыңыз.
ықшамаудан	Сен ықшамауданға барасың ба?	Сен ықшамауданда жүрсің.	Сен ықшамауданнан келесің.
пәтер	Ол пәтерге барады.	Ол пәтерде жүр.	Ол пәтерден шығады.
дүкен	Мен дүкенге барамын.	Мен дүкенде жүрмін.	Мен дүкеннен келдім.
аурухана	Сіз ауруханаға келген жоқсыз.	Сіз ауруханада жатырсыз.	Сіз ауруханадан шықтыңыз ба?

Оқылым.Чтение

Оқыңыз. Мәтіндегі көп нүкте орнына тиісті сөздерді жазыңыз.

Прочитайте. Вместо точек в тексте напишите нужные слова.

жалқаулау , тәжірибелі, зерек, талантты , тұрмыс , үлгілі, аудармашы, қабілетті , үйленген, қонақжай, күйеу.

Менің атым – Самат. Мен университетте бірінші курста оқимын. Менің болашақ мамандығым – заңгер. Мен сіздерге өз отбасым туралы айтып берейін.

Менің отбасым үлкен және *үлгілі* отбасы. Әкем мен анам Ұзынағаш ауылында тұрады. Әкем Асқар *тәжірибелі* және өте жақсы дәрігер. Ал анам Ұлжан мұғалім болып жұмыс істейді. Ол өте *қонақжай* адам. Сол үшін оларды ауыл адамдары өте қатты сыйлайды.

Менің екі ағам және бір әпкем бар. Ағаларым *үйленген*, олардың өз отбасылары бар. Үлкен ағамның екі баласы бар. Үлкен ұлы үшінші сыныпта оқиды. Оның аты – Сержан. Ол өте *қабілетті* бала, ал кіші ұлы керісінше *жалқаулау*. Әйелі Самал *аудармашы* болып жұмыс істейді. Ол қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерін жақсы меңгерген. Екінші ағам Алматыда жеке фирмада жұмыс істейді. Оның бір қызы бар. Ол төрт жаста. Өзі сондай *зерек*. Жүзге дейін еркін санайды. Ағамның әйелі Жанар емханада медбике. Жасы жиырма үште. Әпкем Айжан *тұрмыс* құрған. Ол Атырау қаласында тұрады. Менің ата-анам *күйеу* баласын қатты жақсы көреді және сыйлайды. Ол өте *талантты* музыкант. Оның есімі – Қайрат.

Біз үнемі бір-бірімізге көмектесеміз және барлық мейрамдарда бір-бірімізді құттықтап тұрамыз. Ата-анамның туған күнінде, каникул кезінде бәріміз ата-анамның үйінде жиналамыз. Сол кезде үлкен отбасы болған қандай жақсы екенін түсінемін.

1. Жауап беріңіз. Ответьте.

1. Асқар Ұлжанның кімі болады? Күйеуі	, , , , ,
2. Ұлжан Сержанның кімі болады? Әжесі	
3. Асқар Сержанның кімі болады? Атасы	
4. Самал Асқар мен Ұлжанның кімі болады? Келіні	
5. Айжан Асқардың кімі болады? Қызы	
6. Айжан Қайраттың кімі болады? Әйелі	

2. Жауап беріңіз. Ответьте.

- Саматтың отбасында неше адам бар? **Саматтың отбасында 12 адам бар.**
- Саматтың отбасында қандай мамандық иелері бар? **Заңгер, дәрігер, мұғалім, аудармашы, кәсіпкер, медбике, музыкант.**
- Саматтың отбасы мүшелері қайда тұрады? **Ата-анасы Ұзынағашта, екінші ағасы Алматыда, әпкесі Атырауда тұрады.**
- Кімнің мамандығы туралы айтылмады? **Бірінші ағасының және әпкесінің мамандығы туралы айтылмады.**
- Асқар мен Ұлжанның балалары қай кезде жиналады? **Олардың туған күндері, каникул кезінде жиналады.**
- Самат неге үлкен отбасын жақсы көреді? **Олар үнемі бір-біріне көмектеседі және барлық мейрамдарда бір-бірін құттықтап тұрады.**

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз, тиісті сөздер мен жалғауларды жазыңыз. №1 аудиомәтін

Прослушайте текст. Напишите соответствующие слова и окончания.



Өмірбаян

Аты-жөні: Қуаныш Есенұлы Оспанов

Туған жылы, айы, күні: 01.05.1979 ж.

Туған жері: Семей облысы, Аягөз ауданы, Ақтас ауылы

Ұлты: қазақ

Білімі, оқыған оқу орны: жоғары, Алматы қ. Қазақ политехника институты

Ата-анасы: зейнеткер

Отбасы жағдайы: үйленген, үш баласы бар

Әскери қызметі: әскери міндетті, аға лейтенант

Қазіргі жұмысы: Металлургия өнеркәсібі кафедрасының аға оқытушысы

2 Диалогті тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз. №2 аудиомәтін

Прослушайте диалог. Отметьте правильные варианты.

- | | | |
|----------------------------------|-----------------|------------------|
| 1. Жандостың қарындасы бар ма? | – Иә, бар. | ✓ Жоқ. |
| 1. Ол қайда жұмыс істейді? | ✓ Ауруханада. | – Әкімдікте. |
| 3. Жандостың әйелінің есімі кім? | – Жанар. | ✓ Сәуле. |
| 4. Оның неше ұлы бар? | – Екі ұлы. | ✓ Үш ұлы. |
| 5. Кімдер отау иелері? | ✓ Танат, Ержан. | – Ержан, Нұржан. |
| 6. Кенжесі кім? | ✓ Нұржан. | – Таңат. |
| 7. Нұржанды қалай атайды? | – Отау иесі. | ✓ Кенжетай. |

Мәтінді тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.

Прослушайте текст. Вместо точек напишите соответствующие слова.

№ 3

Санжар - *бауырмал* адам.

Оның бір бауыры *Павлодар* қаласында тұрады.

Есімі – *Амантай немесе Айберген*.

Басқалары *Қарағанды* қаласында тұрады.

Автор Санжардың бауырын Павлодар

қаласының *әкімдігінде* кездестірді.

Ол Санжардың інісін танымады.



